



Қызылорда облысы бірінші орында

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша Қызылорда облысы бірінші орында. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров баяндады.

Вице-премьердің айтуынша, Сыр өңірі негізгі капиталға тартылған инвестициялардың көлемі бойынша көш басында. «Негізгі капиталға тартылған инвестициялардың өсу қарқыны 7,9%-ды құрады. Инвестициялар көлемі құрылыста 2,7 есе, білім саласында 56%-ға, көлік және қоймалауда 47%-ға өсті. Өңірлер бойынша ең жоғары инвестициялық көрсеткіштер Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстарында, сондай-ақ Астанада байқалды», – деді Н.Байбазаров.

баса назар аударылуы тиіс шараларды да атап өтті. Олардың қатарында жеке инвестиция тарту, жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарын кеңейту, жаңасын іске қосу және т.б. бар. Үкімет басшысының орынбасары Қызылорда облысы өңдеу өнеркәсібінің өсімі бойынша бірінші, құрылыс секторындағы өсім бойынша екінші орында екенін атап өтті. Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар тапсырма беріп, қазіргі жоғары даму қарқынын сақтауды ескертті. 2024 жылғы қаңтар-ақпан

айларының қорытындысымен Қызылорда облысы өңдеу өнеркәсібінің өсімі бойынша бірінші орында.

«Өңдеу өнеркәсібі жедел даму тенденциясын көрсетуде. Өндірістің өсу қарқыны 7,4 пайызға жоғарылады. Көрсеткіш өсімі 16 өңірде тіркелді, оның ішінде Қызылорда, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары бар», – деді Н.Байбазаров.

Мұнан бөлек, Үкімет басшысының орынбасары Қызылорда облысы негізгі капиталға инвестиция тарту бойынша бірінші, құрылыс секторындағы өсім көрсеткіші бойынша екінші орында екенін тоқталды.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар тапсырма беріп, қазіргі жоғары даму қарқынын сақтауды ескертті.

Іскер ана жобасы таныстырылды

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі - қолөнер. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық кодын, ұлттық сезімдерін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор.



Осы орайда, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынұов атындағы №211 орта мектебінде «Қазақ қолөнер туындылары – ұлттық құндылық пен дәстүр жалғастығы» тақырыбында көркем еңбек пәні мұғалімдерінің қалалық семинары өтті.

Өнерлі оқушылар мен шығармашыл ұстаздардың әуезді әні мен күмірлеген күйі, бастауыш сынып оқушыларының әсерлі хоры, жоспарлы шаралар, шебер ұстаздар мен талантты шәкірттердің әзірлеген қолөнер көрмесі, лайфхакқа толы «Шеберлік сағаттар», мектепте жүргізіліп жатқан «ІСКЕР АНА» жобасы бойынша қыз балалардың аналарымен бірлескен жұмыстары семинарға келген қонақтарға ұсынылды.

Бұл мектепте республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Таңатарова Дәрігүл мен Жусупова Ұлдана жетекшілік ететін «ІСКЕР АНА» жобасы 2022-2023 жылдан бастап қарқынды жұмыс жасап келеді. Жоба аясындағы ата-аналармен бірлескен жұмыстар өз нәтижесін беруде.

Талантты қылқалам шебері Азиз Өуезханұлы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін туындыларының қалай жарыққа шыққанын айтып, тәжірибесімен бөлісу арқылы әріптестерінің бейнелеу өнеріне деген ерекше құрметін арттыра білді.

Кәсіпкерлік саласында серпін бар



Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі Сейдуали Әбдіқадыров 2023 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады.

Өздеріңізге белгілі, округіміздегі ең өзекті мәселелердің бірі ауылымызды газбен қамтамасыз ету болатын. Өткен жылы осы бағытта округке қарасты Абай және Досан елді мекендерін газдандыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, Досан елді мекеніндегі медициналық бекеттің құрылысы аяқталды, ендігі ретте құқықтық құжаттары

рәсімделуде. Бұдан бөлек, Досан елді мекеніндегі 5 көшені асфальттау, 10 көшеге қиыршық газбен қамтамасыз ету болатын. Абай елді мекеніне кіре беріс автокөлік жолына жарық бағаналары орнатылды және Досан елді мекеніндегі көшелер жарықтандырылды.

Сондай-ақ, Абай және Досан елді мекенінен мектепке баратын басты 3 көшеге жаяу

жүргіншілер жолы салынды. Аталған жобалармен қатар, ауыл тұрғындарының сұранысына сәйкес Абай ауылындағы саябақ абаттандырылып, Досан ауылына жаттығу алаңы салынды. Ал, биыл округке қарасты Досан елді мекенінің талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ететін боламыз. Бұл жоба бойынша құрылыс жұмыстары сәуір айында бастау алмақ, – деді ауылдық округ әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде округте 227 кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеуде. 2023 жылы 35 кәсіпкерлік субъект тіркеліп, 35 жаңа жұмыс орындары ашылды. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен 17 млн. Теңге қаржыны құрайтын 32 жоба қаржыландырылды. Сондай-ақ, «Еңбек» бағдарламасы аясында жалпы құны 19 млн. 660 мың теңгені құрайтын 12 жоба мемлекеттік қайтарымсыз грантка ие болды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 17 млн. Теңгені құрайтын 3 етін өндіру және пенаблқ шығару жобалары қаржыландырылды.

Өзекті мәселе шешімін тапты



Ақсуат ауылдық округінің әкімі Нұрболат Бақытұов 2023 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады.

Өткен жылы ауылдық округтің инфрақұрылымын дамыту мақсатында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Соның бірі, ауылдық округтегі ең өзекті мәселенің бірі өз шешімін тапты. Яғни, елді мекен табиғи газбен қамтамасыз етілді, – деді ауылдық округ әкімі Нұрболат Бақытұов.

Сонымен қатар, «Ауыл - ел бесігі» жобасы мен Қазақстан

Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен ауылдық округтегі 8 көшеге асфальт төселіп, 1 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынды және 3 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылды. Сондай-ақ, №12 бағыттағы автокөліктер үлкен сыйымдылықтағы жаңа автокөліктермен толықтырылды, биыл №2-ші бағыттағы қоғамдық

көліктер жана автокөліктермен қамтылды.

Бұдан бөлек, «Samruk - Kazyna Trust» корпоративтік қоры тарапынан ауыл орталығынан спорт кешені және демеушілердің қаражаты есебінен 1 спорт ойын алаңы пайдалануға берілді.

Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жасап жатқан қолдауының арқасында ауылдық округ бойынша 541 кәсіпкерлік субъекті жұмыс істеуде, оның 185 кәсіпкерлік субъектісі 2023 жылы тіркелген. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамытудың түрлі мемлекеттік бағдарламалары аясында ұсынылған 44 жоба мақұлданып, 278,5 млн. Теңгеге қаржыландырылды.

Енді, биыл атқарылатын жұмыстарға тоқталсақ. Тұрғындардың сұранысына сәйкес жаңадан қоныстанған аумақтағы 32 көшеге электр желілері тартылады, сондай-ақ осы аумаққа ойын алаңы салынады. Ал, округтегі 6 көшеге күрделі жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылатын болады, – деп қорытындылады Нұрболат Бақытұов.

119 кәсіпкерлік нысан жұмыс жасауда



Қараылтөбе ауылдық округінің әкімі Еркін Ахетов 2023 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталып өтті.

Өткен жылы ауылдық округтің жаңадан қоныстанушы аумағындағы 14 көшеге қиыршық тас төселіп, 1,3,5 көшелеріне жарық бағаналары орнатылды. Округтің кіре беріс автокөлік жолына және Байсейітов көшесіне, сондай-ақ Ж.Әбдіхалықов, А.Құнанбаев

және Желтоқсан көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынды. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында А.Иманов тұйығы мен А.Құнанбаев көшесінің аяқ жағы жарықтандырылды. «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында Желтоқсан көшесіне асфальт төселді. Электр желілерін жаңарту

бағытында, 8 дана КТПН, 15 км құрайтын электр бағаналары орнатылды. 150 орындық ауылдық клуб пайдалануға берілді. Ал, биыл жаңадан қоныстанушы аумақтағы 12 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынады, – деді ауылдық округ әкімі Еркін Әбдірайханұлы.

Жалпы, ауылдық округте 119 кәсіпкерлік нысан нақты жұмыс істеуде. Өткен жылы ауыл тұрғындары мемлекеттік бағдарламалар аясында бірқатар жобалар ұсынып, нәтижесінде кәсіп бастағандар қатары 19-ға толыққан. Яғни, «Іскер» бағдарламасы аясында 5 жоба қаржыландырылса, «Аграрлық несие корпорациясы» бағдарламасы аясында 2 жоба және жастарға арналған 2,5%-дық несие беру бағдарламасы арқылы 2 жоба мақұлданды. Ұлттық жоба шеңберінде екінші деңгейлі банк арқылы жеңілдетілген несиеге 1 жоба қолдау тапты. Бұдан бөлек, Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған бағдарлама аясында 3 жоба мемлекеттік грантка ие болды.

26 тұрақты жұмыс орны ашылды



Талсуат ауылдық округінің әкімі Ерлан Бейсенбаев 2023 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады.

Өткен жылы тұрғындардың сұранысына сәйкес ауылдық округтегі 8 көшеге асфальттау жұмыстары жүргізіліп, 2 көшеге жарық бағанасы орнатылды. Сондай-ақ, 13 көше электр желісімен жабдықталды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласы бойынша 66 гектар жерге, оның ішінде 25 га картоп, 27 га көкөніс, 14 бақша дақылдары егіліп, мал саны 2533 басқа жетті, – деді ауылдық округ әкімі Ерлан Тұтқабайұлы.

Ауылдық округте 176 шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеуде. Өткен жылы 26 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, 26 тұрақты жұмыс орны ашылды. 4 тұрғын грант иегері атанып, түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында 13 жоба қаржыландырылды. Бұл жобалардың ішінде клиника, жылыжай құрылысын жүргізу, мал басын көбейту және жүк тасымалдау жобалары қамтылған.

Брифинг барысында ауыл әкімі ауылдағы биыл атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті. 2024 жылы ауылдық округте С. Нұрмағанбетов, Ақмешіт, Атырау, Құмкөл көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы жүргізілетін болады. Ақтау, Ақмешіт, Астана, Алматы, Отырар, Сейхун, О. Сауытбаев көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнатылады.

